


«Тексерілді»
«№23 «Толағай» бөбекжайы»
желеп басқару құқығындағы
МКҚК әдіскері
 К.Е.Берниязова

Спорттық сайыс Тақырыбы: «Денсаулық күні»



Дайындаған: Төленова Б.

2025 жыл

«Денсаулық күні »

Мақсаты: Отбасы құндылығын дәріптеу, салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Отбасы мүшелерінің денесін шыңдап, күш қуатын нығайту. Жарыс кезінде ойынға қызыға қатысуына жағдай жасау, бір-біріне деген қарым-қатынастарын дамыту.

Қажетті құралдар: қап, кедергілер, дарс, мольберт, шығыршықтар.

Құрметті әріптестер, бөбекжай тәрбиеленушілері және ата-аналары Бүгінгі Отбасы күніне арналған спорттық ойынға қош келдіңіздер. Егеменді еліміздің ергені денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеу біздің міндетіміз.

Міне, бүгінгі бөбекжай тәрбиеленушілерімен ата-ана қатысуымен өткелі отырған «Анам, әкем және мен» атты отбасылық іс-шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші: Денсаулық басты байлық. Деніміз сау болу үшін, үнемі жеке бас тазалығын сақтап, денеміз шынықтырып, дұрыс тамақтанып, күн тәртібін сақтау керек.

Жүргізуші: Ұстанған салауатты өмір салтын,
Жасқанып ешқашанда мойымайтын
Болашақ спортшылар келді ортаға
Қол соғып қарсы алайық жарқын жарқын

1. Бірінші камонда №9 «Күншуақ» тобы
2. Екінші камонда №10 «Қарлығаш» тобы
3. Үшінші камонда № 11 «Шағала» тобы

Ал, енді әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін.

1. Бөбекжай меңгерушісі: Байджанова Г.Т.
2. Бөбекжай әдіскер: Берниязова К.Е.
3. Бөбекжай бейімдеу әдіскері: Тұякова М.А.
4. Бөбекжай қазақ тілі жетекшісі: Курташова Ф.Н.

Сайысымыздың кезеңдерімен таныс болайық.

1. «Кім мерген» ойыны
2. «Шығыршық» ойыны
3. «Эстафета» ойыны

Жүргізуші: Ал қане бір-бірімізді қостаймыз
Бүгінгі жарысымызды бастаймыз.
«Женіске жетеміз!»-деп
Жалынды ұран тастаймыз.

- 1- кезең.** Қатал, қайсар жүрегі,
Қайтпас болат темірден.
Қымбат елдің намысы,
Спортшыға берілген - дей отыра «Кім мерген» ойынын бастаймыз.

Ойын шарты: Қаппен кедергілер арасынан өтіп, мәредегі нысанаға дәлдеп ату.

- 2- кезең.** Спорт біздің досымыз,
Күш қайрат сыйлаған,
Спорт біздің досымыз,
Өсіп күнде шындалған - дей отыра «Шығыршық» ойынын ойнайық.

Ойын шарты: Ойынға қатысатын қатысушыға екі шығыршық беріледі. Әр-бір қатысушы сол екі шығыршықты айналдыру тәсілімен мәреге жетіп сақиналарды лақтыру керек. Әр-бір түскен сақинаға ұпай саны беріледі.

3-кезең. Жарыс заңды ежелден

Жеңімпазды анықтау.

Жеңімпаз болу шарты сол

Еңбектену, жалықпау қорытынды сайысымыз «Эстафета» ойыны.

Ойын шарты: Бірінші бала тақтайшаның үстімен жүріп өтіп, шығыршықтың ішінде тұрған төмпешікті кеглиге кигізуі керек. Одан кейін әкесі баспен айналып, берілген тапсырманы орындау керек. Әкесі тапсырманы орындап болғаннан кейін Анасы үстелдің астымен өтіп, себетті колына алып мәреге барып тұрады. Баласы допты себетке дәлдеп ату керек.

Жүргізуші: Бүгін міне оң болып әр ісіміз,

Жоғары боп күш жігер намысымыз,

Осылайша қуанышпен думандатып,

Аяқталды халайық жарысымыз, бүгінгі спорттық ойынымыз өз мәресіне келіп жетті. Жеңімпаздарды анықтау үшін сөз кезегін әділқазыларға береміз. Бүгінгі қатысқан бүлдіршіндерімізге алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта үлкен биіктерден көріне беріңіздер. Бүгінгі жеңістерің құтты болсын. Келіп, тамашалап көргендеріңізге рахмет. Деніміз сау болсын, еліміз тыныш болып, әрқашан биіктен көріне берейік. Келесі кездескенше аман сау болыңыздар.

